



**Коммерциялық емес
акционерлік қоғам**

**АЛМАТЫ ЭНЕРГЕТИКА
ЖӘНЕ БАЙЛАНЫС
УНИВЕРСИТЕТИ**

Тіршілік әрекетінің
қауіпсіздігі және
қоршаған ортаны
қорғау кафедрасы

ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ӨНДІРІСТІК ҚАЛДЫҚТАРДЫ ТҰТЫНУДАН ҚОРҒАУ

5B073100 – Қоршаған ортаны қорғау және өмір тіршілігінің қауіпсіздігі – мамандығы бойынша оқитын студенттер үшін есептеу-сызба жұмыстарға әдістемелік нұсқаулар

ҚҰРАСТЫРУШЫ: Ф.Р. Жандаулетова. Қоршаған ортаны өндірістік қалдықтарды тұтынудан қорғау. Есептеу-сызба жұмыстарға арналған әдістемелік нұсқаулар. 5B073100 - Қоршаған ортаны қорғау және өмір тіршілігінің қауіпсіздігі - мамандығы бойынша оқитын студенттер үшін. - Алматы: АЭЖБУ, 2015 - 36 б.

Бұл әдістемелік нұсқауда есептеу-сызба жұмыстарды орындау үшін теориялық материалдар берілген, онда жұмыстардың тапсырмасы және есептеу әдістері көрсетілген, сонымен бірге теориялық мәліметтер, әдебиеттер тізімі келтірілген және бақылау сұрақтары берілген. Әдістемелік нұсқаулар 5B073100 - Қоршаған ортаны қорғау және өмір тіршілігінің қауіпсіздігі - мамандығы бойынша оқитын студенттерге арналған.

Кесте 15, әдебиеттер көрсеткіші – 13 атау.

Пікір жазушы: техн. ғыл.канд., доцент Б.К. Курпенев

«Алматы энергетика және байланыс университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы 2015 ж. жоспары бойынша басылады.

© «Алматы энергетика және байланыс университеті» КЕАҚ, 2015 ж.

1 Есептеу - сызба жұмыс №1. Қоршаған ортаны өндірістік қалдықтарды тұтынудан қорғау

Мақсаты: қоршаған ортаны оралмас деградация процессіне алып келетін, өндірістік қалдықтарды сақтау және көму, зиянсыздандыру және де пайда болу жағдайын алдын алу.

1.1 Есептеу - сызба жұмыстарын орындау үшін тапсырмалар

Есептеу - сызба жұмысына арналған қоршаған ортаны өнеркәсіптік шығарындылардан қорғау тапсырмалары оқу-әдістемелік жоспар және «Қоршаған ортаны өндірістік қалдықтарды тұтынудан қорғау» курстық программаларға сәйкес құрастырылған.

Есептеу - сызба жұмысы тапсырмада қоршаған ортаны өндірістік қалдықтарды тұтынудан қорғау болса және де ол әдістемелік нұсқаулар бойынша орындалады.

ЕГЖ орындалу тәртібі:

- оқытушының тапсырмасы бойынша нұсқа нөмірлерін таңдау 1.1;
- өнеркәсіптік кәсіпорындарда тастандылардың пайда болуын негіздеу және есептеу;
- қорытынды жасау.

1.2 Есептік-графикалық жұмыстың мазмұны

Есептеу - сызба жұмыстың мазмұнына мынадай нұсқаулар жатады:

- 1) Титулді парақ.
- 2) ЕГЖ тапсырма.
- 3) Мазмұны.
- 4) Негізгі бөлігі (жұмыстың атауы).
- 5) Қорытынды.
- 6) Пайдаланған әдебиет тізімі.
- 7) Қосымша.

Есептеу - сызба жұмыс варианттарын таңдау топтың тәртіптік нөмір тізімдері бойынша жүзеге асады (1.1 кесте).

Өндірістік қалдықтардың тұтынуларының мөлшерінің есебін 3.1 - 3.11 пунктінде келтірілген әдістемелер бойынша шығару.

1.1 кесте - Есептеу - сызба жұмыс варианттарының берілгені

Берілгені	Нұсқалар									
	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
Кәсіпорындағы қызметкерлер штаты, N, адам.	1000	1100	1200	1300	1400	180	190	1700	1800	1900
Қойма ауданы, S, м ²	1000	1500	2000	2500	3000	3500	4000	4500	5000	5500
Қойма ауданынан жылына n ² , шыққан тастандылар м ³ /1000 м ²	5	5,5	6	6,5	7	7,5	8	8,5	9	9,5
Жиналатын аудан, S, м ²	15000	14000	13000	12000	11000	10000	9000	8000	7000	6000
Пиломатериалдардың жылдық шығындары, V _п , м	60	55	50	45	40	35	30	25	20	15
Көмірдің жылдық шығыны, кг	500	600	700	800	900	1000	1100	1200	1300	1400

1.1 кестенің жалғасы

Берілгені	Нұсқалар									
	11	12	13	14	15	16	17	18	19	20
Кәсіпорындағы қызметкерлер штаты, N, адам.	900	800	700	1000	1500	1600	500	600	1200	1100
Қойма ауданы, S, м ²	1500	1000	2500	2000	5000	6000	2300	4000	5500	3500
Қойма ауданынан жылына n ² , шыққан тастандылар м ³ /1000м ²	7,5	6,5	6	7,0	9,5	10	8	8,0	8,5	9,0
Жиналатын аудан, S, м ²	17000	18000	19000	20000	21000	22000	5000	4000	3000	2000
Пиломатериалдардың жылдық шығындары, V _п , м	46	32	18	13	40	80	75	70	65	10
Көмірдің жылдық шығыны, кг	300	650	750	850	950	1500	1600	1700	1800	1900

2 Өндірістік қалдықтарды тұтынулардың негізгі жағдайлары

Көптеген ауыл шаруашылық өндірістерінің және салаларының түрлері, өздерінен шыққан қалдықтардың көп мөлшерін қайта өндіре алмайды. Бұл теміржол транспортына қатысты келеді, өйткені теміржол кәсіпорындарында барлық класқа жататын қауіпті қалдықтар шығады. Тек қана бірнеше бөлшектері қайта өндірілген (қайта өндірілген майлар, жеңіл мұнай қалдықтары, қайта өндірілген сынап шамдары, жарамсыз авто қақпақтар, ағаш тастандылары) осыларды жинастырып арнайы қайта өндірітен кәсіпорындарға жіберіледі. Қалдықтардың көп мөлшері қалдыққа шығарылады. Әсіресе қайта өндіріп зиянсыздандыру және кәсіпорындардың мынадай көптеген тонна қалдықтарын тазалау ғимараттарының ауыр мұнай шламдары, жұмыс киімдерінің хим тазалау машиналарының қалдықтары, галван қалдықтары, шпалдар және т.б. қалдықтарды пайдаға асыру мәселесі өткір қарастырылуда.

Қоршаған ортаны ластануын азайту бағыттарының бірі қарастырылуда: біріншіден, кәсіпорындардың пайдалануынан пайда болған, ішкі тұтынушыларда да солай пайда болған қалдықтарды екінші шикізат ретінде пайдалану; екіншіден, қалдықтарды қалдық орындарына және полигондарға шығару; үшіншіден, қалдықтарды жергілікті немесе іске қосулы аймақтық табиғат қорғау қондырғыларына зиянсыздандыру және қайта пайдалану, немесе аймақтық арнайы кешендерде қалдықтарды қайта пайдалану.

Көбінесе, экономикалық және экологиялық тұрғыдан қарағанда, перспективті және лайықты болып, қалдықтарды қайта пайдалану бойынша аймақтық қуатты қалдықты қалпына келтіру машинасын жасау болып отыр.

Оларды құрылыс жарағына пайдалану, құрылысқа деген іргелі қаржы бөлуді минимумға алып келетін еді. Бірақ, сонымен қатар жергілікті қондырғылар сияқты жерлерде, пайдаға аспайтын қалдықтар көлемін азайтатын, олардың улы деңгейін төмендететін, регенерацияны және өндірісте қалдықтарды қайта пайдалануын жүзеге асырады. Теміржол транспорты үшін перспективті болып, экологиялық таза технологияны және пайда әкелетін, қосымша энергия мен жылу беретін, көрінген қатты және сұйық қалдықтарды қайта пайдаға асыру мүмкіндігі бар, сонымен қатар іргелі және пайдалы төмен шығынды және де өтімділік мерзімі кішкене болып келетін аймақтық қайта өңдеу кешендерін салу қазіргі таңда өте перспективті болып тұр.

Қазіргі таңда, жаңа стратегия қалыптасуда, ол қалдықтар мәселесін шешуге арналған, ең алдымен, олардың пайда болғанынан кейін зиянсыздандыру емес, өндірісте процесс кезінде қауіпті және улы қалдықтардың пайда болулары арқылы оларды зиянсыздандыру қажет. Қоршаған ортаға қалдықтарды сыйғызу, соңғы құрал болып қолдануы мүмкін және де ол қоршаған ортаға толығымен қауіпсіз болуы қажет.

Қалдықтар (waste) - қолдану құрылысынан жарамсыз болып қалған шикізат, материалдар, фабрикалар, қалдықтары және т.б., яғни олар продукцияны өндіру кезінде немесе пайдалану кезінде пайда болған.

Қауіпті қалдықтар – қосымша 1 белгіленген, улы, жарылғыш, жоғары реакциялық немесе инфекциялық ауруға қоздырғыш қасиеттері бар қалдықтар қауіпті қалдықтарға жатады.

Қалдықтар айналымы – жинау және қайта пайдаға асыру, зиянсыздандыру және сыйғызу.

Қалдықтарды сақтау – қоршаған ортаға зиянды заттың түспеуін алдын алу мақсатында қалдықтарды оқшаулау.

Қалдықтарды пайдалану – қалдықтарды пайдаға асыру.

Бұл процесс, технологиялық операциялардың жиыны, нәтижесінде, мұнда қалдықтардан, продукцияның бір немесе бірнеше түрлері жылу және энергия алу үшін қолданылады.

Қалдықтарды зиянсыздандыру – қоршаған ортаға және адамға деген қауіпті әсерін алдын алу мақсатында жөндеу (қалдықтарды өртеу зиянсыздандыруға жатады).

Қалдықтарды орналастыру нысанасы – арнайы жабдықталған ғимарат, мысалы, полигон, қалдық сақтағыш және т.б.

Қалдықтардың пайда болу нормативтері – деректі бір продукцияны өндіруге болатын, нақты қалдықтар түрі.

Қауіпті қалдықтардың төлқұжаты – белгілі қауіпті класына жататынын куәландырылу құжаты.

2.1 Өндірістегі қалдықтар сипаттамасы

Теміржол транспортының негізгі қалдықтар түрлері болып қатты тұрмыстық улы емес қалдықтар болып келеді.

Олардың әртүрлі кәсіпорындар үшін сыбағалы салмағы 70 - 90% құрайды. Бірақ теміржол нысана қызметтерінің нәтижесі улы сұйық және газ тәріздес қалдықтарды өндіру, сонымен қатар энергетикалық (жылу, шу, вибрация) сияқты қалдықтарды шығарады.

Теміржол кәсіпорынның қалдықтар түрлері 2.2 - кестеде келтірілген.

ГОСТ-12.1.007 сәйкес барлық қалдықтар улылық деңгейге және «Улы қалдықтар классификаторына» қарай төтенше қауіпті (I класс улы), жоғары қауіпті (II класс), бірыңғай қауіпті (III класс), аз қауіпті (IV класс) және улы емес (V класс).

Теміржол кәсіпорындарының жұмыс процесінде пайда болатын улы қалдықтардың сипаттамалары 2.3 - кестеде келтірілген.

Улы қалдықтары тіркеу «Улы қалдықтар» деген форма 2-де жүзеге асады. Сонымен қатар, әрбір қалдық түріне оның улылығына немесе улы еместігіне қарамай, қажетті түрде қалдықтардың куәлігін жасайды, онда олардың (жарылғыштығы, улы деңгейлігі, физико-химикалық қасиеттері, көму тәсілдері және т.б. жазылған). Барлық улы қалдықтарды, санэпидемнадзордың айтқан арнайы орындарына сәйкес, арнайы ыдыстарда, арнайы орындарда сақтау қажет.

I класқа жататын улы қалдықтарды герметикалық ыдыстарда сақтайды, II класқа жататындарды - жабық ыдыста сақтайды, III класс - қағазды, мата қапшықтарында, жабық ыдыста сақтайды, IV класс - контейнерлерде сақтайды.

2.2 кесте - Теміржол кәсіпорындарының негізгі қалдықтарының түрлері

	Қалдықтардың фазалық жағдайы	Қалдықтар аты
1	Қатты	Қара металды лом; түсті металды лом; ағаш тәріздес жоңқа; қағаз қалдықтар; қатты тұрмыстық қалдықтар; тазалау ғимараттың қалдықтары; резеңке қалдықтар; пластмасса; азықтық қалдықтар
2	Сұйық	Өңделген май; жөнделген жаққыш-салқын сұйық (ЖСС); электролиттер; фекалдар
3	Газ тәріздес	Барлық заттан шығатын газдар

2.3 кесте - Теміржол кәсіпорындарының улы қалдықтары

Улылығы -на қарай класс	Зат аты	Агрегатты түрі	Технологиялық процесс, бөлім, цех, қондырғы	Теміржол кәсіпорындары
I	Мыс оксиды, хромды ангидрид, никель тұзы, кадмий тұзы	Сұйық	Гальванические отделения	Локомотивті, вагондар депосы, локомотивті-вагон-жөндейтін зауыттар
		Газ тәріздес	Деталдарды дәнекерлеу	- // - // -
	Фосген	Газ тәріздес	Киімдердің химикалық тазалау қондырғылары	- // - // -
	Фенолдар	Сұйық, газ тәріздес	Шпалдарды антисеп-тикпен сіңіру	Шпал сіңіргіш зауыттар
II	Күкірт қышқылы	Сұйық	Аккумуляторлы аймақтар	Локомотивті, вагондар депосы, локомотивті-вагон-жөндейтін зауыттар
	Мұнай өнімдері, мұнай шламдар	Сұйық, қатты	Химиялық тазалағыш қондырғылар қалдықтары	Жуу және булау, Шпал сіңіргіш зауыттар
III	Бояғыштар, еріткіш	Сұйық	Бояғыш бөлімдер мен аймақтар	Барлық кәсіпорындар
	Химикалық реактивтер	Сұйық	Химикалық зертханалар	- // - // -
	Өңделген майлар	Сұйық	Жылжымалы құрамдарды, детальдарды жөндеу	- // - // -
	Өңделген ЖСС	Сұйық	Механикалық, слесарлі аймақтар ж/е бөлімдер (станоктардағы металды детальдарды жөндеу)	- // - // -
	СПАВ, сілті	Сұйық	Жылжымалы құрамын және детальдарын жуу	Зауыттар, депо, жуатын-булайтын станциялар
IV	Азықтық қалдықтар	Сұйық, қатты	Асхана	Барлық кәсіпорындар
		Сұйық	Дәретхана	

Қалдықтардың транспортировкалары арнайы жабдықталған полигондарда, арнайы транспорт түрлерімен жүзеге асады. Өндірістік қалдықтарын көмуге болатын рұқсатты, табиғатты күзететін органдар, сонымен қатар санэпидемнадзор органдарының рұқсаты болғанда ғана, атқарушы органдар билігінен алады (атқарушы жергілікті кеңестен, мэрден). Рұқсат қағазында көмілетін қалдықтарының мөлшері, агрегатты жағдайы, улылығына қарай, транспортировка формасы мен ыдысы, көмілетін жері және тереңдігі жазылады.

IV класқа жататын қалдықтар және де III класқа жататын қатты қалдықтар тұрмыстық қатты қалдықтарын (ТҚК) жататын полигонға шығарылады.

Теміржол кәсіпорынның технологиялық процестерінде, құрамында мұнай өнімдері, әртүрлі органикалық қосындылары, сонымен қатар ауыр металдар және сынап бар әртүрлі класты қауіпті қалдықтар пайда болулары мүмкін.

Ең қауіпті қалдықтарға тазартқыш ғимараттардың гальваникалық аймағының және жұмыс киімдерінің химикалық тазалау машиналарының қалдықтары, электрлік жарықтандыруға арналған люминесценттік шамдардың қалдықтары, өндірістік су ағының мұнай азықтары мен мұнай қалдықтарынан тазалауға арналған, лак және сыр қалдықтары, өндірістік аймақтың топырақпен ластанулары және т.б. жатады. Қазіргі таңда кәсіпорындарда пайда болған қалдықтар салалары жиі регенерацияланады, пайдаға асырылады (ескі май, мұнай азықтары, жөнделген люминесценттік шамдар), келісім шарт бойынша мақұлданған полигондар мен қалдық орындарына (өнеркәсіптік - тұрмыстық қалдықтар) жиі шығарылып, оларды жиі өртеп тұрады. Жалпы көптеген қалдықтарын кәсіпорынның аймақтарында жиналады. Мемлекеттік басқару салаларына қалдықтарды тіркеу, бақылау, нормалау және т.б. жатады.

ҚР экологиялық мемлекет комиссиясының жобасы бойынша қалдықтардың классификациялық тізімі жетілдірілді. Қалдықтардың түрлерін формализациялау, ақпаратты оңай жеткізу жолдары, оны жинақтауға және өндеуге қалдықтар тізімдемесінің кодтық жүйесі енгізілді. Қалдықтар тізімдемесінде неше түрлі қалдықтардың түрлері бар, олар басымдық белгі бойынша жүйеленген: қалдықтардың пайда болуы, агрегаттық жағдайы, химикалық құрамы, экологиялық қауіптігі. Әрбір қалдық түріне алты мәндік код енгізіледі. Тізімдемеде классификацияның 5 деңгейі бар, олар иерархиялық ұстаным бойынша орналасқан (блоктар, топтар, топшалар, позициялар және субпозициялар).

Жоғары деңгейлі классификацияларға қалдықтардың пайда болған белгілері бойынша белгілі нысанаға келтірілген блоктар жатады:

- табиғи таза органикалық қалдықтар (жануар, өсімдік);
- минералдан пайда болған қалдықтар;
- химикалық тұрғыдан пайда болған қалдықтар;
- коммунальдық қалдықтар (оған қоса тұрмыстық).

Қалдықтың әрбір блогы осы немесе басқа топтан құралады, олар топшаларға бөлінеді. Әрбір топшада позицияларға және оған сәйкес субпозицияларға бөлініп шығады. Топқа, топшаға, позицияға және субпозицияға

бөліну келесі белгілерде негізделген:

- шикізаттың пайда болуы;
- белгіленген бір өндіріске, технологияға жату;
- химикалық құрам;
- агрегаттық жағдайы және басқа да қасиеттері.

Позиция, қалдықтардың жоғарғы деңгей классификацияларынан айырмашылығын емес, ол қалдықтардың толық сипаттамаларын бейнелейді. Ал субпозиция қалдықтардың нақты түрлерінің экологияға қауіптігі жайлы мәліметті тұжырымдайды. Зиянсыздандыру және өнеркәсіптік қалдықтарды қайта пайдаға асырудың негізгі тәсілдеріне жағу, пиролиз, кептіру, қатты қалдықтарды механикалық өңдеуден өткізу, өнеркәсіптік су ағының механикалық тәсілмен сусыздандыру және реагентті өңдеу жатады.

2.2 Кәсіпорындағы экологиялық жағдай. Ортақ сипаттамасы

Кәсіпорында продукция шығарылуда, ыдыс ретінде металдық жәшіктер мен көпке пайдалануға арналған ағаш түпқоймалары, картонды және қағазды орама қолданылады.

Өндірістік қалдықтар технологиялық процестерді, ғимараттарды тазалау және жинау нәтижесінде пайда болады. Аймақты жинау кезінде далалық қалдықтар пайда болады (смет).

Кәсіпорынды жарықтандыру үшін құрамында сынап бар шамдарды қолданады.

Кәсіпорынның негізгі және көмекші цехтарында жылжымалы құрамды пайдалану кезінде қалдықтар пайда болады: өңделген моторлы майлар, трансмиссионды өңделген май; камералар, тозған шиналар, ескі майы сіңген нәрсе, механикалық тазалағышқа арналған өңделген сүзгіштер, өңделген қышқыл электролит, лом және қышқыл аккумуляторлы батареялардың қалдықтары, лом және қара металдардың қалдықтары және т.б.

Кәсіпорынның өндірістік қызметінің нәтижесінде арнайы киімдер мен арнайы аяқ киімдердің қалдықтары пайда болады.

Өндірістік қалдықтардың сипаттамалары.

Люминесценттік шамдар қалдықтар классификаторлары бойынша 1 кластық қауіпке жатады. Берілген қалдықтардың түрі ғимараттар мен аймақтарды жарықтандыру нәтижесінде пайда болады. Қалдықтардың химикалық құрамдары: шыны - 80 %, сынап Hg - 0,107 %, метал-17 %, люминофор - 3 %. Улы элементтің агрегаттық жағдайы (сынап Hg) - қатты, суда ерімейді, материалдарға қатысты басқыншылықты емес, радиоактивті емес, жұмсару температурасы 38,9°C, қоршаған ортаға қатысты келсек, онда ол химикалық түрде белсенді емес.

ШРК - 0,01 мг/м³, өртке қауіпті емес, биологиялық тұрғыда белсенді емес. Қалдықтармен жұмыс кезінде негізгі қауіпсіздіктің шартын сақтау қажет. Шамдарды стеллаждарда сақтау шарттары бар. Қалдықтарды өңдейтін кәсіпорындарда пайдаға асырып, өңдеп, зиянсыздандырады.

Электролит (қышқыл) өңделген классификатор бойынша қауіптіліктің 2 - класына жатады. Берілген қалдықтың түрі аккумуляторлық батареяларды пайдаланған кезде пайда болады. Қалдықтардың қауіптілігін анықтайтын компоненттер: күкірт қышқылы - 20%, су - 78%, механикалық қоспа - 1%, қорғасын қосындысы - 1%. Электролиттің агрегаттық жағдайы - сұйық, қалдықтары түссіз, суда шектеусіз ериді. Материалдарға қатысты келсек онда электролит материалдарға басқыншылықты, радиоактивсіз, өртке қауіпсіз болып келеді. Қоршаған ортаға химикалық тұрғыдан келсек белсенді болып келеді. Кәсіпорында қалдықтарды сақтауға болмайды. Бірақ, егер экологиялық - санитарлық талаптарды сақтаған жағдайда ғана арнайы қышқылға төзімді ыдысқа сақтауға болады. Физико - химикалық тәсілдерді қолданып оны техникалық қызмет станциясында (ТҚС) пайдаға асырып, өндеп және зиянсыздандырады. Қалдықтарды автотранспортпен герметикалық қышқылға төзімді ыдыста транспорттайды. Қалдықтармен жұмыс істеу кезінде келесі қауіпсіздік шарттарын сақтау қажет: қорғаныс құралдары, арнайы киімдер.

Қышқыл аккумуляторлы батареялардың (АБ) ломы классификатор бойынша қауіптіліктің 3 - класына жатады. АБ істен шыққанда ғана қалдықтар пайда болады.

Қалдықтардың қауіптілігін анықтайтын компоненттер: күкірт қышқылы - 2%, қорғасын тұзы - 5%, полимерлер - 40%, қорғасын - 50%. Қалдықтардың агрегаттық жағдайы қатты, суға ерімейтін, басқыншылықты, радиоактивті емес, өртке қауіпсіз, қоршаған ортаға қатысты болса, онда ол электролит төгілген кезде ғана белсенді болып келеді.

Кәсіпорында қалдықтарды сақтау деген келісім шарт жоқ. Экологиялық - санитарлық талаптар бойынша, қалдықтарды металдық контейнерлерде сақтау қажет. Қалдықтарды кәсіпорында пайдаға асыру, қайта өңдеу, зиянсыздандыру ТҚС-да жүзеге асады. Экологиялық - санитарлық талаптар бойынша АБ ломын қайта өңдеуге тапсыру қарастырылуда. Қалдықтарды тасымалдаудан өткізу ағаш жәшіктер мен автокөліктерде жүзеге асады. Қалдықтармен жұмыс жасау кезіндегі ерекше қауіпсіздік шарттары: арнайы киім, қолғап, қорғаныс көзілдірігі.

Арнайы киімдермен, арнайы аяқ киімдердің қалдықтары қауіптіліктің 4 - класына жатады. Қалдықтар арнайы киімнің, арнайы аяқ киімнің тозғанынан пайда болады.

Қалдықтардың қауіптілігін анықтайтын компоненттер: каучук - 20%, мата - 55%, толтырғыштар - 10% және т.б. Агрегаттық жағдайы - қатты, суға ерімиді, материалдарға басқыншы болып келмейді, радиоактивті емес, өртке қауіпті болып келеді, қоршаған ортаға келетін болсақ - инертті болып келеді.

Экологиялық-санитарлық талаптар бойынша, қалдықтарды металдық контейнерлерде сақтау қажет. Қалдықтарды пайдаға асыратын, қайта өңдейтін, зиянсыздандыратын кәсіпорында өңдейді. Ұсынылған тәсілдің бірі (пайдаға асыру) - қазанда жағу. Автокөліктермен тасымалдауды жасау мүмкін емес.

Өндірістік қалдықтар классификатор бойынша қауіптіліктің 5 - класына жатады. Қалдықтар, ғимараттарды жинау кезінде, негізгі қызметтен пайда болады. Қалдықтардың қауіптілігін анықтайтын компоненттері жоқ.

Қалдықтардың агрегаттық жағдайы - қатты, суға ерімейді, материалдарға басқыншылықты, радиоактивті емес, қоршаған ортаға белсенді болып келмейді.

Экологиялық - санитарлық талаптарға сәйкес кәсіпорындағы қалдықтарды контейнерлерде сақтау қажет. Қалдықтарды пайдаға асыру, қайта өңдеу, зиянсыздандыру тәсілдері қазіргі таңда - мұнын тәсілі тек қалалық қалдық орнына көму болып тұр. Қалдықтардың транспортировкасы қалдық таситын машинада, арнайы автотранспортта жүзеге асады. Қалдықтар өртке қауіпті, жарылғыш болып келеді және биологиялық тұрғыда белсенді болып келеді. Қалдықтармен жұмыс жасау кезінде арнайы киім қолдану қажет.

Далалық қалдық (смет) классификатор бойынша қауіптіліктің 5 - класына жатады. Кәсіпорын аймағын жинау кезінде қалдықтар пайда болады. Қалдық қауіптілігін анықтайтын компоненттері жоқ. Агрегаттық жағдайы - қатты, суға ерімейді, материалдарға келсек басқыншылықты, радиоактивті емес, қоршаған ортаға белсенді емес болып келеді. Экологиялық - санитарлық талаптарға сәйкес кәсіпорындағы қалдықтарды контейнерлерде сақтау қажет. Қалдықтарды пайдаға асыру, қайта өңдеу, зиянсыздандыру тәсілдері қазіргі таңда - мұнын тәсілі тек қалалық қалдық орнына көму болып тұр.

Қалдықтардың тасымалдауысы қалдық таситын машинада, арнайы автокөлікте жүзеге асады. Қалдықтар өртке қауіпті, жарылғыш болып келеді және биологиялық тұрғыда белсенді болып келеді. Қалдықтармен жұмыс жасау кезінде арнайы киім қолдану қажет.

Реңді камералар, тозған шиналар классификатор бойынша қауіптіліктің 5 - класына жатады. Автотранспортты пайдалану кезінде қалдықтар пайда болады. Қалдықтың қауіптілігін анықтайтын компоненттері жоқ.

Агрегаттық жағдайы - қатты, суға ерімейді, материалдарға басқыншылықты, радиоактивті емес, өртке қауіпті, қоршаған ортаға келетін болсақ химикалық тұрғыда белсенді емес. Кәсіпорында қалдықтарды сақтайтын келісім шарт жоқ. Экологиялық - санитарлық талаптарға сәйкес қалдықтарды боксте сақтау қарастырылған. Қалдықтарды кәсіпорында пайдаға асыру, қайта өңдеу, зиянсыздандыру – бұл ТҚС-ғы қызмет. Ұсынылған тәсілдер – қайталамалы өңдеу. Қалдықтарды автотранспортта транспортировка жасау мүмкін емес.

Лом және қара металдың қалдықтары классификатор бойынша қауіптіліктің 5 - класына жатады. Пайдалану мерзімі жарамсыз болып қалған машиналарды, станоктарды және механизмдерді пайдалану кезінде қалдықтар пайда болады. Қалдықтың қауіптілігін анықтайтын компоненттер жоқ. Агрегаттық жағдайы - қатты, суға ерімейді, материалға басқыншы емес, радиоактивті, өртке қауіпті емес, қоршаған ортаға химикалық тұрғыда белсенді емес.

Кәсіпорында қалдықтарды сақтау шарты жоқ. Экологиялық - санитарлық талаптар бойынша қалдықтарды жоғары бетонды алаңда сақтаулары қажет. Қалдықтарды кәсіпорында пайдаға асыру, қайта өңдеу, зиянсыздандыру – бұл ТҚС-ғы қызмет. Ұсынылған тәсілдің бірі – қайта өндіріске беру. Теміржол және автотранспортпен қалдықтарды транспорттеу мүмкін емес.

3 Қалдықтардың пайда болуын негіздеу және есептеу

Кәсіпорында қалдықтардың нормативті пайда болуын есептесек:

- шикізат және материалдар шығындарының өндірістік мәліметтері;
- атмосфераға ластаушы заттардың инвентаризациясы;
- технологиялық нұсқаулар;
- анықтама құжаттарының мәліметтері.

3.1 Өндірістік қалдықтар

Бұл қалдық түрлеріне, кәсіпорында адам қызметінен пайда болған қалдықтар жатады; қызметтік және қосалқы ғимараттарды жинау кезінде пайда болған қалдықтарда жатады.

Кәсіпорындағы қызметкерлердің жұмысының өндірістік қалдықтарының мөлшері мына формуламен анықталады:

$$M_{\text{п1}} = n_1 \cdot N \cdot \gamma_1, \text{ т/жыл,}$$

$n_1 = 0,25 \text{ м}^3/\text{жыл}$ - 1 адамға арналған өндірістік қалдықтардың нормасы;

N - кәсіпорындағы қызметкерлер саны, адам.;

$\gamma_1 = 0,3 \text{ т/м}^3$ – өндірістік қалдықтардың тығыздығы.

Кәсіпорында ыдысы бар – металдық жәшіктер, көпке пайдалануға арналған ағашты түпқоймалар, картонды орамалар және орама қағаз бұйымдар қолданылады. Қойма ғимараттарының жинау кезінде пайда болған қалдықтар мөлшері мына формула бойынша анықталады:

$$M_{\text{п2}} = S \cdot \gamma_2 \cdot n_2, \text{ т/жыл,}$$

S – қойманың ортақ ауданы, м^2 ;

$\gamma_2 = 0,2 \text{ т/м}^3$ - қойма ғимаратының қалдықтар тығыздығы;

n_2 - $1000 \text{ м}^2, \text{ м}^3/\text{жыл}$ арналған қалдықтар.

Өндірістік қалдықтардың барлығы :

$$\sum M_{\text{п}} = M_{\text{п1}} + M_{\text{п2}}, \text{ т/жыл.}$$

3.2 ҚТҚ пайда болуын есептеу

«Санитарлы ережеге» сәйкес жиналған қатты тұрмыстық қалдықтардың (ҚТҚ) бір жұмыскерге $n = 0,22 \text{ м}^3/\text{жыл}$ келеді. ҚТҚ тығыздығы $\gamma = 0,18 \text{ т/м}^3$ құрайды. Бұқаралық мәнде қалдық мөлшері:

$$M_{\text{ТБО}} = n \cdot N \cdot \gamma, \text{ т/жыл.}$$

3.3 Далалық қалдық (смета)

Кәсіпорын аймағын жинау кезінде пайда болатын қалдықтар. Қалдықтардың пайда болған мөлшері мына формуламен анықталады:

$$M_v = S \cdot n \cdot 10^{-3}, \text{ т/жыл,}$$

S – жиналатын аудан, м^2 ;

n - сметаның пайда болу нормасы 1 м^2 ауданға, жылына 10 кг құрайды.

3.4 Ағаш-жоңқа тәріздес қалдықтардың пайда болуы

Ағаш бұйымдарын жасауға қолданатын, пиломатериалдың V_{II} в м^3 жарты жылдық шығындары жайлы мәліметтер орнатқан кәсіпорын қалдықтардың пайда болу нормативтері жайлы мәліметтерін қарастырған.

Шикізат көлемінен пайда болған қалдықтар бөлігі $d = 0,15$. Ағаш қалдықтарының тығыздығы $\gamma = 0,5 \text{ т/м}^3$. Қалдық салмағы құрайды:

$$M_{до} = V_{II} \cdot d \cdot \gamma, \text{ т/жыл.}$$

3.5 Темір тау жұмысынан пайда болатын күлді есептеу

Технологиялық жағдайды ұстап тұру үшін көмірді қолданады. Кәсіпорынның мәліметтеріне сүйене келсек көмірдің шығыны жылына K кг/жыл құрайды. Жағатын қатты жанармайдың күлі $Z = 0,2$ құрайды. Қалдық салмағы құрайды:

$$M_z = K \cdot Z \cdot 10^{-3}, \text{ т/жыл.}$$

3.6 Құмағынды қондырғы жұмысынан пайда болатын қалдықтар

Электромашинаны цехында ластан және шекемтастардан тазалайтын қондырғы жұмыс жасайды, тазалағыш материал ретінде құм қолданады. Ластанған құмның салмағы жылына құрайды:

$$M_{зп} = П \cdot \alpha \cdot 10^{-3}, \text{ т/жыл,}$$

$П$ - қондырғыға құятын құм мөлшері, кг;

α - жылына ауыстырылып тұратын құмның мөлшері.

Берілгені 3.1- кестеде келтірілген.

3.1 кесте - Есептеу - сызба жұмыс варианттарының берілгені

	Нұсқалары									
	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
Қондырғыдағы құм мөлшері, П, кг	50	60	70	80	90	100	95	85	75	65
Жылына ауыстырылып тұратын құмның мөлшері, α	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12
	Нұсқалары									
	11	12	13	14	15	16	17	18	19	20
Қондырғыдағы құм мөлшері, П, кг	60	55	50	105	110	115	120	125	130	135
Жылына ауыстырылып тұратын құмның мөлшері, α	2	3	9	8	4	5	6	7	10	15

3.7 Лак және сыр материалдарынан (ЛСМ) пайда болатын қалдықтар

Кәсіпорында ЛСМ-дың жылдық шығыны K , тонна құрайды. Бұйымдарды бояу пневматикалық тозандырумен жүзеге асады.

Бояу тиімділігі f . Бұйымдарға түспейтін лак және сырлар, қатты қалдықтарына түседі. Қатты қалдықтардың мөлшері мына формула бойынша анықталады:

$$M_{ЛКМ} = \frac{1-f}{2} \cdot K, \text{ т/жыл.}$$


Есептеуге берілген нұсқалар 3.2 - кестеде келтірілген.

3.2 кесте - Есептеу - сызба жұмыс варианттарының берілгені

	Нұсқалар									
	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
ЛСМ жылдық шығыны, т	10	9,5	9	8,5	8	7,5	7	6,5	6	5,5
Бояу тиімділігі, f	0,4	0,45	0,5	0,55	0,6	0,6	0,55	0,5	0,45	0,4
	Нұсқалар									
	11	12	13	14	15	16	17	18	19	20
ЛСМ жылдық шығыны, т	9,7	8,8	13	12,5	12	11,5	11	10,5	4,0	5,0
Бояу тиімділігі, f	0,46	0,48	0,52	0,59	0,62	0,6	0,56	0,65	0,75	0,64

3.8 Пісіру қалдықынан пайда болатын карбидты есептеу

Өндірісте карбид кальций пайдаланып пісіру жұмысын жүргізгенде келесі айналымдар жүзеге асады:



Карбид кальцийдің молекулярлық салмағы 64 кг/мольды құрайды, ал гидроқышқыл кальцийдің салмағы 74 кг/моль. Құрғақ затқа арналған карбид шлам қалдықтар процесін теңдеу бойынша есептейміз, оның негізін әк құрайды. Кәсіпорынның мәліметіне сүйенсек карбидтің K , т ылғалдығы 50% құрайтын жылдық шығының, содан шыққан қалдықтарды мына формула бойынша анықтаймыз:

$$M_K = \frac{K \cdot 2 \cdot 74}{64} = 2,3K, \text{ т/жыл.}$$

Есептеуге берілген мәндері 3.3 - кестеде келтірілген.

3.3 кесте - Есептеу - сызба жұмыс варианттарының берілген мәндері

	Нұсқалар									
	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
карбид кальцийдың жылдық шығыны K , т	4	4,5	5	5,5	6	6,5	7	7,5	8	8,5
	Нұсқалар									
	11	12	13	14	15	16	17	18	19	20
	4	4,5	5	5,5	6	6,5	7	7,5	8	8,5

3.9 Өңделген люминесценттік шамдар

Құрамында сынап бар шамдарды кәсіпорында жарықтандыру үшін қолданады:

- а) ЛБА - 40; 60; 80;
- б) ДРЛ - 250.

Люминесценттік шамдардың қалдықтары анықталады:

$$M_{\text{л}} = K \cdot q \cdot D \cdot b \cdot 10^{-3} / C, \text{ т/жыл,}$$

K - шамдардың саны, шт ;

D - жылдағы жұмыс күндердің саны;

b - күні бойы шамдардың қосылып тұру ұзақтығы, сағ.;

C - шамдардың қызмет ету мерзімі; $C_{\text{ЛБА}} = 10000$ сағ., $C_{\text{ДРЛ}} = 8000$ сағ.;

q - бір шамның салмағы, $q_{\text{ЛБА}} = 0,35$ кг, $q_{\text{ДРЛ}} = 0,5$ кг.

Әрбір шамға есеп бөлек есептеледі. Қалдықтың жалпы мөлшері:

$$\sum M_{Л} = M_{ЛБА} + M_{ДРЛ}, \text{ Т/ЖЫЛ.}$$

Есептеуге берілген мәндері 3.4 - кестеде келтірілген.

3.4 кесте - Есептеу - сызба жұмыс варианттарының берілген мәндері

	Нұсқалар									
	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
Шам сандары ЛБА-40, <i>K</i> , сан.	120	130	140	200	240	300	220	230	210	180
Күні бойы шамдардың қосылып тұру ұзақтығы, <i>b</i> , сағ.	8	7	6	5	4	8	7	6	5	4
Жылдағы жұмыс күндер саны, <i>D</i>	240	250	245	240	250	245	240	250	245	240
Шам мөлшері ДРЛ-250, <i>K</i> , сан.	30	20	25	28	38	42	29	51	22	31
	Нұсқалар									
	11	12	13	14	15	16	17	18	19	20
Шам сандары ЛБА-40, <i>K</i> , сан.	150	160	170	190	230	215	240	260	220	100
Күні бойы шамдардың қосылып тұру ұзақтығы, <i>b</i> , сағ.	4	5	6	7	8	4	5	6	7	8
Жылдағы жұмыс күндер саны, <i>D</i>	250	245	240	250	245	240	250	245	240	250
Шам мөлшері ДРЛ-250, <i>K</i> , сан.	45	28	35	38	50	49	39	41	32	25

3.10 Арнайы киім қалдықтары

Берілген қалдықтың мөлшері мына формуламен анықталады:

$$M_c = d \cdot \frac{N_1 \cdot q}{t} \cdot 10^{-3}, \text{ Т/ЖЫЛ,}$$

$d = 0,5$ - қалдыққа түсетін, арнайы киімдердің жарамсыз бөлігі;

$q = 1$ кг арнайы киім жинағының ортақ салмағы;

$t = 1$ жыл арнайы киімнің орташа мерзімі;

$N_1 = \eta \cdot N$ - арнайы киіммен қамтамасыздандырылған жұмысшылар саны;

$\eta = 0,5 \div 0,8$ - арнайы киіммен қамтамасыздандырылған;

N - кәсіпорындағы қызметкерлер штаты, адам.

Есептеуге берілген мәндері 3.5 - кестеде келтірілген.

3.5 кесте - Есептеу - сызба жұмыс варианттарының берілген мәндері

	Нұсқалары									
	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
Қызметкерлер штаты, <i>N</i> , адам.	1000	1100	1200	1300	1400	1500	1600	1700	1800	1900
Арнайы киіммен қамтамасызданды- рылған, <i>H</i>	0,5	0,55	0,6	0,62	0,65	0,68	0,7	0,73	0,77	0,8
	Нұсқалар									
	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
Жұмысшылар штаты, <i>N</i> , адам.	900	950	850	800	750	700	1200	1100	1300	1400
Арнайы киіммен қамтамасыздандыры- лған, <i>H</i>	0,8	0,7	0,65	0,72	0,75	0,62	0,8	0,77	0,74	0,6

3.11 Металлолом қалдықтары

Металлолом қалдықтарының пайда болу көлемі мына формуламен анықталады:

$$M_M = n \cdot m_1, \text{ Т/ЖЫЛ,}$$

m_1 - жылжымалы құрамның бірлік мөлшері;

n - жылжымалы құрамның бірлігіне пайда болған металлолом қалдықтарының үлгілі нормативы.

Автомобильдер үшін $n = 0,35$ т, локомотив үшін $n = 2,0$ т.

Берілген мәндері 3.6 - кестеде келтірілген.

3.6 кесте - Есептеу - сызба жұмыс варианттарының берілген мәндері

Жылжымалы құрамның түрі	Нұсқалар									
	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
Автомобильдер	7	6	5	4	4	5	6	6	5	4
Локомотивтер (секциялар)	120	110	100	90	80	80	90	100	110	120
Жылжымалы құрамның түрі	Нұсқалар									
	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
Автомобильдер	8	9	10	7	6	8	5	4	7	6
Локомотивтер (секциялар)	80	90	120	70	90	110	120	80	90	100

3.12 Пісіру жұмысын өткізген кездегі электрод қалдықтарын пайда болуын есептеу

Кәсіпорында жыл сайын K , т электрод қолданылады. Пісіру кезіндегі қалдықтар - олар пісіру кезіндегі металдың төгілуі және электрод

қалдықтары. Натуралды өлшеу бойынша пісіру жұмысының тиімділігі $f = 0,9$. Қалдық мөлшері анықталады:

$$M_{эл} = (1 - f) \cdot K, \text{ т/жыл.}$$

Пісіру жұмысынан пайда болатын қалдықтар мөлшері 3.7 - кестеде келтірілген.

3.7 кесте - Есептеу - сызба жұмыс варианттарының берілген мәндері

	Нұсқалар									
	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
Электродтардың жылдық шығыны $K, \text{ т}$	10	12	14	16	18	11	12	13	14	15
	Нұсқалар									
	11	12	13	14	15	16	17	18	19	20
Электродтардың жылдық шығыны $K, \text{ т}$	17	16	18	14	22	18	20	15	12	12

4 Есептік-графикалық жұмыс №2. Қалдықты жою жүйесінің есептері

Мақсаты: тұрғындар жерін, жоспарлы және үйді жиі қатты тұрмыстық шығарындылардан тазалау, олар адамның қоршаған ортасын ластайды: топырақты, ауаны, ғимараттарды, су қоймаларын негізгі санитарлық жабдықтарға ие болу.

4.1 Есептік-графикалық жұмысқа арналған тапсырмалар

ЕГЖ орындау тәртібі:

- оқытушы тапсырмасы бойынша нұсқаны таңдау 4.1 кестесі;
- қалдық жоюдың пневматикалық жүйелерін есептеу;
- қорытынды және ұсыныстар жасау.

4.2 Есептік-графикалық жұмыс мазмұны

Есептік-графикалық жұмысқа жатады:

- ЕГЖ тапсырмасы;
- қысқа кіріспе;
- есептік бөлігі;
- қорытынды және ұсыныстар.

4.1 кесте - Берілген мәндері

№ нұсқа	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11
N, тұрғындар, мың адам	30	35	40	48	32	41	39	31	42	46	45
qm м ³ /жыл - 1 адамға арналған норма	1,5	1,5	1,5	1,5	1,5	1,5	1,5	1,5	1,5	1,5	1,5
K - бір келкі коэффициенті	1,2	1,2	1,2	1,2	1,2	1,2	1,2	1,2	1,2	1,2	1,2
Π _{год} жылына шығатын тұрмыстық қалдықтардың мөлшері, т/жыл	150	200	300	350	180	400	300	150	310	400	400
тәулікте шығатын тұрмыстық қалдықтардың мөлшері - Π _{сут} м ³	0,75	0,8	2,25	4,3	4,9	4	3,8	3	4	4,2	4,5
E м ³ - контейнер сыйымдылығы	0,75	0,75	0,75	0,75	0,75	0,75	0,75	0,75	0,75	0,75	0,75
D, м – құбырдың диаметрі	0,45	0,5	0,6	0,45	0,5	0,6	0,45	0,5	0,6	0,45	0,5
V _H м/с – ауа жылдамдығы	24	26	28	24	26	28	24	26	28	24	26
л - қоспаның шартты концентраты	0,7	0,7	0,7	0,7	0,7	0,7	0,7	0,7	0,7	0,7	0,7
ξ- тұрғылықты кедергі коэффициенті	0,018	0,019	0,2	0,21	0,22	0,02	0,019	0,2	0,21	0,22	0,018
z- запас коэффициенті	1,2	1,2	1,2	1,2	1,2	1,2	1,2	1,2	1,2	1,2	1,2
G _B кг/с – ауа шығыны	2	1	1,5	2	1	1,5	2	1	1,5	2	1

4.1 кестесінің жалғасы

№ нұсқа	12	13	14	15	16	17	18	19	20	21	22
N, тұрғындар, мың адам	32	41	39	48	30	35	40	45	42	31	32
qm м ³ /жыл - 1 адамға арналған норма	1,5	1,5	1,5	1,5	1,5	1,5	1,5	1,5	1,5	1,5	1,5
K - бір келкі коэффициенті	1,2	1,2	1,2	1,2	1,2	1,2	1,2	1,2	1,2	1,2	1,2
Π _{год} жылына шығатын тұрмыстық қалдықтардың мөлшері, т/жыл	180	400	300	150	200	250	300	310	400	350	280

4.1 кестесінің соңғысы

Тәулікте шығатын тұрмыстық қалдықтардың мөлшері - $\Pi_{\text{сут}} \text{ м}^3$	3	4	4,2	0,7	0,8	0,9	2,5	4,5	4,9	4	3,8
$E \text{ м}^3$ - контейнер сыйымдылығы	0,75	0,75	0,75	0,75	0,75	0,75	0,75	0,75	0,75	0,75	0,75
$D, \text{ м}$ – құбырдың диаметрі	0,4	0,50	0,4	0,5	0,5	0,6	0,4	0,6	0,5	0,4	0,8
$V_H \text{ м/с}$ – ауа жылдамдығы	26	28	24	26	28	24	26	28	24	26	28
Π - қоспаның шартты концентраты	0,7	0,7	0,7	0,7	0,7	0,7	0,7	0,7	0,7	0,7	0,7
ξ - тұрғылықты кедергі коэффициенті	0,0 18	0,01 9	0,2	0,2 1	0,22	0,02	0,01 9	0,2	0,2 1	0,22	0,01 8
z - запас	1,2	1,2	1,2	1,2	1,2	1,2	1,2	1,2	1,2	1,2	1,2
$G_B \text{ кг/с}$ – ауа шығыны	1,5	2	2	1,5	2	1	2,2	1,5	1	2,1	1,5

4.3 Есепке арналған әдістемелік нұсқаулар

50 жыл бұрын белгілі физик-атомшы Нильс Бор өзінің әулиелік сөзін айтқан: «Адамзат атомдық сұмдықпен жойылмайды, олар өздерінің қалдықтрында булығады».

Ұлы өкінішке орай, адам өмір сүретін орта экологиялық түрде қауіпті, және ғалымдардың болжауы бойынша 2015 жылы Еуропа тұрғындарының 50% аллергиялық аурулардың әртүрлі формаларымен және басқа да аурулармен ауыратын болады, ол аурулар қоршаған ортаның нашар жағдайы мен сапасымен пайда болған-топырақтар, сулар, ауа.

Тұрғылықты жерлердің санитарлық жабдықтарының негізгі шарттары болып үйлерді жоспарлы және жиі әртүрлі қалдықтардан тазалау болады, онда тұрмыстық, тағамдық және шаруашылық, далалық және т.б. қалдықтар жатады.

